

«Өнер алаңы» ашылды

Қызырбек ДҮРГІНБАЙҰЛЫ

Өскемендегі облыстық кітапхана жанынан «Өнер алаңы» ашылды. Жаңа ашылған өнер алаңында әуезді ән айтылып, күмбірлі күй төгіліп, сурет көрмесі сыр шертті.

Шығыс Қазақстан облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасына жиналған жұрт алдымен алаңның ашылу салтанатын жасап, артынан әсем әнге құлақ түрді.

– Халықтың бай қазыналарының басында өнер тұрады. Әр ұлттың өз өнері бар, соның ішінде мен үшін қашанда қазақтың өнері озық деп ойлаймын. Бүгінгі білім ошағы саналатын кітапхана шаңырағына бір топ өнер иесі жиналыпты. Әр өнер иесінің басын тоғыстырған өнер алаңы құтты болсын, – деді әнші Құмархан Ахметқалиев.

Дүбірлі кешке домбыраларын арқалап шебер Ерболат Ақаев та келіпті. Ол кешке келген қонақтарға домбыра түрлерін таныстырып, оның жасалу жолы туралы баяндады.

Ал суретші Ержан Тұрғанбаев ауыл өмірінен сыр шертер суреттерін таныстырып, өз өнерінің қыр-сырымен бөлісті.

– Өнер де адам өмірімен біте қайнасатын дүние. Мен қалада жиырма жыл тұрсам да, қала туралы сурет салмаппын. Суреттерімнің көбі ауылдың тыныс-тіршілігіне қатысты. Сондықтан кез келген орта өнерге дем береді деп айта аламын. Бүгін ашылып жатқан алаң өнерлі жандарға дем берсін, – деді су-



ретші Ержан Тұрғанбаев.

Өнер алаңына арнайы келген ағайынды Абдуллиндер атындағы Шығыс Қазақстан өнер училищесінің әнші қыздары Абайдың «Көзімнің қарасы» әнін хормен шырқап, көпшіліктің көңілін бір көтеріп тастады.

Жаңа ашылған өнер алаңында алдағы уақытта да рухани іс-шаралар жалғасын тауып, өнерлі жандардың басы қосылып, кездесулер өтіп тұратыны айтылды.